

Актобе облысы, Байғанин ауданы "Шұғыла" бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын жанындағы марапаттауға ұсыну жөніндегі комиссия отырысының хаттамасы

2023 жылғы 5 маусым

№2 Байғанин ауданы

Төрағалық етуші: 1.Қ.Бектұрғанова-"Шұғыла" бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын меңгерушісі, комиссия төрайымы;

Хатшы: Ж.Тоқсанбаева- "Шұғыла" бөбекжай-балабақшасының әдіскері;

Комиссия мүшелері:

2. А.Ермаханова- "Шұғыла" бөбекжай-балабақшасы қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымының төрайымы;

3.Г.Ажибаева- "Шұғыла" бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі;

4.К.Төлеуова- "Шұғыла" бөбекжай-балабақшасының шаруашылық меңгерушісі;

5.Ж.Ескулова- "Шұғыла" бөбекжай-балабақшасының қамқоршылық кеңес төрайымы.

Күн тәртібінде:

1. Актобе облысы Байғанин ауданы "Шұғыла" бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын қызметкерлерін Оқу-ағарту министрінің марапатына ұсыну туралы.

Талқыланды:

"Шұғыла" бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын қызметкерлерінің қолдаулары негізінде, комиссия отырысына келіп түскен ұсыныстарды саралай келе, "Шұғыла" бөбекжай-балабақшасы МКҚК-ның жанындағы білім саласы қызметкерлерін марапаттау жөніндегі комиссия білім беру саласын дамытуда үздіксіз 32 жыл қызмет еткен, басшылық қызметте 21 жыл еңбек өтілі бар, шығармашылық жұмыстарымен жетістіктерге жетіп жүрген, "Шұғыла" бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі Бектұрғанова Қымбат Сейлханқызына ауданымыздың білім саласына қосқан еңбегін ескере отырып, Білім және Ғылым Министрінің марапатына ұсыну туралы мәселе талқыланып, «Қазақстан Республикасының оқу-ағарту министрінің Құрмет грамотасына» ұсынады.

Сөз сөйлеушілер:

1.Г.Ажибаева- "Шұғыла" бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі:

-Бектұрғанова Қымбат Сейлханқызы жоғары білікті маман. Еңбек қызметін 1984 – 1989 жылдар аралығында Байғанин ауданы, Қарауылкелді балалар комбинатының әдіскері болып жұмыс жасады. 1989-1995 жылдарда «Айгөлек» балабақшасында тәрбиеші болып жұмыс жасады. 2002-2007 жылдан бастап Қарауылкелді балалар бақшасының меңгерушісі болып тағайындалды. 2007-2015 оқу жылдарында «Шаттық» балабақшасының меңгерушісі және 2015 жылдан бастап «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі болып жұмыс жасайды. Бектұрғанова Қымбат Сейлханқызы өз мамандығының шебері, шығармашыл, жоғары деңгейдегі ұйымдастырушы.

2. А.Ермаханова- балабақша қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымының төрайымы:

- Бектұрғанова Қымбат Сейлханқызы -жанашылдыққа құмар, үнемі ізденіс үстінде жүретін басшы өзінің кәсіби шеберлігін пыңдап, тәрбиеленушілеріне бүгінгі заман талабына сай сапалы білім беруді ұйымдастырып отырған басшы. Түрлі семинарларда өз іс-тәжірибесімен бөлісіп жүрген білікті педагог. Ұйымдастырушық қабілетілігімен қоса

өз педагогикалық шеберлігінің арқасында тәрбиеленушілері республикалық, облыстық жарыстарда жүлделі орындарға кол жеткізді. Өскелең ұрпақ тәрбиелеудегі абыройлы еңбегі үшін Н. Ә. Назарбаевтың саясатын және партияның бағдарламалық мақсаттары мен міндеттерімен іске асыруда жеткен жетістігі үшін «Нұр Отан» партиясы Байғанин аудандық филиалының төрағасы «Алғыс хатымен» марапатталды. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай сырттай өткізілген «Менің Президентіме менің тілектерім» тақырыбындағы Республикалық байқауда ерекше белсенділік танытып білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға зор үлес қосқаны үшін «Алғыс хатымен» марапатталды. Білім беру жүйесінде жемісті еңбегі, педагогикалық шеберлігі, жаңартылған білім беру технологияларын дамытудағы шығармашылық жетістігі үшін «Облыстық кәсіпорын ұйымы» Құрмет грамотасымен, Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамытуға қосқан зор жеке үлесі үшін «ҚР Білім және Ғылым Министрлігі» Алғыс хаты, «Аудан әкімінің алғыс хаты» Алғыс хаты, Қазақстан Республикасының Президентінің 2018 жылғы 21 қарашадағы Жарлығы бойынша «Астана 20 жылдығы» мерекелік медалімен наградталды.

3.Ж.Ескулова- "Шұғыла" бөбекжай-балабақшасының қамқоршылық кеңес төрайымы:






-Бектұрғанова Қымбат Сейлханқызы - өз ісіне жоғары жауапкершілікпен қарайды. Лауазымдық міндеттерге талапшылдық ұстанады. Адамгершілік қасиетті өте жақсы. Қоғамдық жұмыстарға белсене түрде атсалысады. Білім беру саласындағы шығармашылық жұмыстары мен тәуелсіз еліміздің болашақ иелерін тәрбиелеуде аудан, облыс, республика келемінде де танымал болып жүрген тұлға ретінде танытты.

4.К.Төлеуова- "Шұғыла" бөбекжай-балабақшасының шаруашылық меңгерушісі:

-Бектұрғанова Қымбат Сейлханқызы басқарып отырған балабақша қызметкерлерінің жетістіктері де мол. Ұжым болып ат салысқан қоғамдық жұмыстарда, байқауларда қызметкерлеріміз жүлделі орындар алып жүр. Ағымдағы жыл Республикалық «Үздік педагог» байқауының аясында ұйымдастырылған «Жыл тәрбиеші -2022» байқауына бір тәрбиешіміз қатысып, шығармашылықпен жұмыс жасағаны үшін ІІІ орынмен марапатталды. Бектұрғанова Қымбат Сейлханқызының ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, шығармашылықпен жұмыс жасайтын меңгеруші. «Қазақстан Республикасының оқу-ағарту министрінің Құрмет грамотасымен» марапатталуға ұсыну лайықты деп есептеймін.

Шешім қабылданды:

1. "Шұғыла" бөбекжай-балабақшасы МКҚК-ның меңгерушісі Бектұрғанова Қымбат Сейлханқызын «Қазақстан Республикасының оқу-ағарту министрінің Құрмет грамотасымен» марапатталуға ұсынылды.

Төрағалық етуші: Қ. Бектұрғанова 
Хатшы: Ж.Тоқсанбаева 
Комиссия мүшелері: А.Ермаханова 
Г.Ажибаева 
К.Төлеуова 
Ж.Ескулова 